

Қармақшы аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 27 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 5 мамырда № 8397-11 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қармақшы аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 297 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5170 болып тіркелген);

2) "Қармақшы аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 наурыздағы № 162 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6254 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық мәслихатының төрағасы

Ә. Қошалақов